

Мамандық - болашақтың кепілі

Қазіргі таңда мамандықты таңдау - әрбір адамның болашағы үшін маңызды қадам болып табылады. Осындай сәтте көптеген жағдайлар ескерілу қажет: біріншіден, мамандық шеберлігін иеленуге құштарлық, сонымен қатар жеке бейімділік пен қабілеттілік, денсаулық жағдайы, таңдалған бағыт бойынша білім сапасы және мамандық мәртебесі.

Әр адам өзінің кәсіби жолын таңдау барысында, жете түсінбей, болашақтағы өмірін қалай өткізетінін шешеді. Халықта таңертең жұмысқа, ал жұмыстан кейін үйге барғың келсе, сол бақыт деп жай айтпаған. Дұрыс таңдау жасау оңай емес.

Қазақстан Республикасы ІІМ Шырақбек Қабылбаев атындағы Қостанай академиясы "Құқық қорғау қызметі", "Педагогика және психология" және "Әлеуметтік жұмыс" мамандықтары бойынша терең білімді, жанжақты, қабілетті болашақ мамандарды дайындайды. Қылмыстық-атқару мамандығы бойынша тыңдаушылардың дайындығы жоғары білікті профессорлық-оқытушылық құрамның оқытатын білімінен, жоғары деңгейдегі дене дайындығынан құралған. Алған білімдерін тәжірибеде, болашақ қызметтерінде қолдана білу қабілеттіліктерін арттыру мақсатында оқу-танысу және өндірістік тәжірибелер, сонымен қатар тәжірибелік қызметкерлермен кездесулер, дөңгелек үстелдер өткізу, Қостанай қаласы шегіндегі қылмыстық-атқару жүйесі мекемелеріне шығу сабақтарын ұйымдастыру арқылы жүргізіледі.

Білім алу барысында тыңдаушылар халықаралық, республикалық, аумақтық конференцияларда қатысу арқылы ғылыми жұмыспен айналысуға машықтандырылады. Сонымен бірге, әртүрлі мерекелік іс-шараларға, үйірмелерге қатысып, тыңдаушылар өздерінің мәдени және рухани байлықтарын әрдайым жетілдіріп отырады.

Қазақстан Республикасы ІІМ Шырақбек Қабылбаев атындағы Қостанай академиясы тыңдаушыларға көрсетілетін тәрбиелік іс-шараларға көп көңіл бөледі, өйткені бұл болашақ мамандардың негізгі қалауы, тәжірибелік жұмыстың бастамасы болады.

Тыңдаушыларды таңдалған мамандыққа міндетті құрметтеуге, кәсіби абыройға тәрбилеу арқылы ой-саналарында кәсіби құндылықтарды құру және бекітуді күшейтеді.

Кәсіби абырой қызметкерлерді кәсібінің беделі мен атағын қолдануына жетелейді. Сондықтан абырой - адамның бұрынғы еңбегі және бүгінгі құндылықтарын тану ғана емес, сонымен қатар қызметіндегі сәттілік пен моральды жетілудің кепілі болып табылады. Ішкі істер органдары қызметінің абыройы тек қызметтік немесе материалдық жағдаймен, арнайы атакпен, біліммен ғана емес, ең алдымен моральды, іскерлік, интеллектуалды жеке қасиеттермен анықталады.

Болашақ қызметкерлер жанжақты, білікті, алғыр болу қажет. Академия тыңдаушыларында осындай қасиеттерді жетілдіріп, дамытуға әрбір қызметкер, оқытушы өз септігін тигізеді.

Академия аумағында білім нәрін сусындап, тәрбие алып жатқан тыңдаушылар - болашақ офицерлер. Олар еліміздің болашағы, мемлекетіміздің тіреніші!

Рима Калиярова
Қазақстан Республикасы ІІМ
Шырақбек Қабылбаев атындағы
Қостанай академиясының
ҚҚАҚЖК кафедрасының оқытушысы
полиция аға лейтенанты